



Автор: АБДУАЖИТОВА КУЛАЙМ МАГАУЯОВНА

Пән: Математика

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Жиынды белгілеу және оның элементтері

Тақырып: Жиынды біріктіру және бөліктерге бөлу. Көлік түрлерінен жиын құрастыру

Жиынды біріктіру және бөліктерге бөлу. Көлік түрлерінен жиын құрастыру	Математика және дүниетану пәндері кіріктірілген сабақ жоспары 2.4.1.3 жиындар мен олардың элементтерін диаграммада белгілеу; элементтердің жиынға жиындардың бірігуіне және қиылысуына тиістілігін анықтау 2.1.4.3 көлік түрлерін, олардың қажеттілігін ажырату 2.1.4.4 қоғамдық көліктегі өзін өзі ұстау ережелерін түсіндіру
--	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Жиынды біріктіру және бөліктерге бөлу. Көлік түрлерінен жиын құрастыру (12.12.2019 ж)	Математика және дүниетану пәндерін кіріктіру арқылы жоспарланған сабақ . • Жағымды орта қалыптастыру Күн жарығын алақанға саламын, Жүрегіме басып ұстай қаламын. Ізгі әрі нәзік, әрі жарық, мейірімді, Болып кетер сонда менің жан – жағым. Оқушылар бүгін бізде ерекше күн! Себебі бізге қонақтар келді. Ол кісілерімен амандасып, қонақжайлығымызды танытайық. Әріптестер, қонақтар, біздің сабағымызға қош келдіңіздер! • Ширату тапсырмасы: Үй тапсырмасы •Ортақ тақырып көлемінде пікірлесу • Сабақ мақсатын жариялау	слайд 1,2

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (34 мин)	Жиынды біріктіру және бөліктерге бөлу Бейнежазбаны тыңдау, тамашалау https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/2-synyp/zhiyn-zhane-onyng-ehlementteri-zhane-tangbalary-zhiynnyng-qiylysuy-men-birigui?mid=f06a9644-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe Жаңа білімді бекіту сұрақтары: ☐ қандай жиын пайда болды? ☐ қандай гүлдерді бір жиынға біріктірді? Оқулық тапсырмаларын орындау Жұптық жұмыс: 1 –тапсырма. Мына суреттерден жиын біріктіріп, жиын атауын қой, әріппен белгіле Дескриптор: Берілген қималардан жиын біріктіру Жиынның атауын жазып, әріппен белгілеу 2-тапсырма. Жиынды қарастыр. Оны екі жиынға бөлуге бола ма? Әр жиынның элементтерін анықта. Оларға атау бер. Дескриптор: Жиынды бөліктерге бөлу Жиын атауларын жазу Сергіту минуты (Сынып оқушыларынан жиын құрастыру) Қандай қима артық қалды? Ол не ? Олардан жиын құрастыруға болады ма? Оны қалай атауға болады? Бір сөзбен қалай атауға болады? 3-тапсырма. Көлік туралы не білеміз? ☐ Көлік деген не? ☐ Қандай көліктерді білесіңдер? ☐ Ертеде адамдар нелерді көлік ретінде қолданғанын білесің бе? ☐ МЕТРО туралы мәлімет ☐ Автобуска міну түсу туралы жадынама Топтық жұмыс 4-тапсырма. Көлік жиынын біріктіру. Дескриптор: ☐ Берілген қима суреттерден көлік жиынын біріктіру, атауын жазу ☐ Жиынға жалпы баға беру. Жақсы тұстарын айту Қалыптастырушы бағалау тапсырмасы 5-тапсырма. Өрнектің мәнін тап. Мәндерінен жиын құрастыр 40 + 50 = 17 + 10= 45 - 42= 89 - 80= 95 - 50= 100 - 90= 80 - 60 = 15 - 12=	Ресурстар 5dfa2f9426508.png Image not found or type unknown Қима суретте 5dfa2fac48439.png Image not found or type unknown 5dfa2fbd333a1.png Image not found or type unknown Тікұшақ, ұшақ, көлік, автобус, кеме суреттері Слайд -3 Көлік суреттерінен қималар Плакат, желім, маркерлер ҚБ дәптері
Сабақтың соңы (3 мин)	Сабақты қорытындылау. Бағалау Кері байланыс: Жетістік критерийі Үй тапсырмасын белгілеу Сабақты аяқтау	Бағалау смайликтері Төрт түсті қарындаш Слайд